



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ

Ыбайдаева Мөлдір Аюпханқызы

Mol20099@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
 Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Мамаева

Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі – қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды. Жалпы жалғамалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөздерді жасаудың ең негізгі, өнімді тәсілдерінің қатарына кіреді. Бұл тәсіл арқылы туындайтын сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Олар лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Тіліміздің сөз тудырушы жұрнақтарының толық лексикалық мағынасы бар сөздерге жалғану арқылы жасалған атау сөздер, ғылым мен техниканың түрлі салаларының терминдері сол ұғымдар жүйесінің өзара ішкі байланысын, жүйелік ерекшеліктерін көрсетіп тұруы үшін туынды терминдердің тұлғасы да белгілі бір үлгімен жасалуы тиіс.

Жүйелеген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Бізде де кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады.

Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының жандана бастауына байланысты бұрын бірен-саран терминдерді жасауға ғана қатысып, аса өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды пайдалану арқылы жаңа терминдерді жасау үрдісі де байқалады.

1993 жылғы «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан мақалаларға шолу жасай отырып, қазақ тілінің сөздік қорына енген жаңа сөздерге төмендегідей талдау жасалды.

Жалпы тілге енген жаңа сөздер тілде қолданысқа түсе келе, терминге айналады.

1992 жылдан бастап орфографиялық сөздіктерге енген жаңа сөздер: жалгер, бекіткіш, зейнеткер, жәрдемақы, өтемақы, зейнетақы, әнұран күнтізбе, бағдаршам, жолсапар, күнпарақ, әуежай, төлқұжат, егемен, ғимарат, жеделхат, тапсырыс, бағдарлама, айқындама, ғарышкер, елтаңба, құжат, отбасы, жанұя, өркениет, мөлтекаудан, медбике, медбibi, т.б.

2005 жылдан бастап орфографиялық сөздіктерге енген жаңа сөздер: зауыт, іссапар, ұшақ, ықшамаудан, ырықтандыру, сауықтандыру, ұлан, әлеует, мұражай, сазгер, рәсімдеу, т.б.

2013 жылдан бастап орфографиялық сөздіктерге енген жаңа сөздер: әуеалаң, т.б.

Мысалы:

-гер, -кер: жалгер, зейнеткер, ғарышкер, сазгер;

-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: бекіткіш;

-дама, -деме, -нама, -неме, -лама, -леме: тұжырымдама, бағдарлама, айқындама;

-у: рәсімдеу, зерделеу, сауықтандыру, ырықтандыру;

-ыс, -іс, -с: тапсырыс;

-дық, -дік, -тық, -тік: ұжымдық, нарықтық, серіктестік, қоғамдастық, қауымдастық, төрағалық, тәлімгерлік;

Терминжасам барысында қолданылатын негізгі тәсілдің бірі - сөз тудырушы жұрнақтар арқылы термин жасау. Бұл тәсіл арқылы туындап терминқорымызға енгізілетін терминдердің тіліміздің табиғатына сай, терминге қойылатын талаптарға жауап бере алатындай лингвистикалық тұрғыдан сауатты жасалуы үшін – тілдегі сөз тудырушы жұрнақтарды жіктеп-жіліктей, оларды қалай дұрыс та ұтымды пайдалану керектігі көрсетілуі тиіс. Сонда термин жасағанның жөні осы екен деп, жұрнақтарды тұспалмен немесе әркімнің қалауынша оңды-солды жалғай беру фактілері азайып, сауатты жасалған, жүйеленген ұлттық терминқор

калыптастырудың негізі нығая түспек.

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. Терминологиялық лексикамыздың қомақты бөлігін екі, үш немесе одан да көп сыңарлы терминдер құрайды.

Реформатор-ғалым А. Байтұрсынұлы тіл табиғатын терең түсінген: «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады» - дейді. А. Байтұрсынұлы күрделі сөзді қос сөз терминімен атайды да, қазақ тілі фонологиясы заңдылығына сәйкестендіріп, «сөз жазуының жалпы ережелерін» ұсынады. Қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның түрлі қасиеттеріне қарай бес түрге бөледі, әр фонеманың әуезділігіне қарай: жуан, жіңішке деп саралайды. Сөйтіп, сөздердің дыбыс үндестігіне сай, жазу емлесін ұсынады. Бұл жазу емлесі күрделі сөзге де қатысты (А. Байтұрсынұлы – қос сөз). Тілші сөздерді бірыңғай әуезділікпен айтылса: басқұр, қолқап, желкесер, айбалта, Тасболат т.б.; жуан-жіңішкесіне қарай: жел-бау, төсек-ағаш, Меңді-қара т.б. бөліп көрсеткен [1, 182-183].

Аналитикалық тәсіл ретінде қарастырылып жүрген сөзжасам амалдары жөніндегі осы саланы арнайы зерттеп жүрген ғалымдарымыздың пікірлері әр уақытта сәйкесе бермейді. Оны белгілі тілші ғалымдардың мына төмендегі пікірлері анық көрсетеді.

«Тілдегі, тілдік процестегі себеп-салдарлық құбылыс, байланыстарға мән бере бермегендіктен кейде сөзжасамның бұл тәсіліне біріккен, кіріккен сөздер, қосарланған, қайталанған сөздер, тіркесті (күрделі) сөздер жатқызылды. Бұлар біріккен (кіріккен) сөздер, қос сөздер, тіркескен сөздер сөзжасам тәсілі емес, сол сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже, яғни жаңа туындылар, олар біріктіру процесі арқылы, қосарлау я қайталау, тіркестіру нәтижесінде туған тілдік единицалар. Сондықтан бұл екі түрлі тілдік құбылысты бір-бірімен шатастыруға болмайды. Соған қарамастан грамматикаларда бұлар күрделі сөздер және оның түрлері ретінде беріледі, – деп жазады тілші ғалым С.Исаев [2,274].

Келесі бір еңбекте «біріккен сөздер дүние жүзіндегі тілдерге өте кең тараған. Олардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалатыны да ғылымда әбден танылған және қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады» деп атап көрсетілген [3,253].

Көріп отырғанымыздай, сөзжасам мәселелерін арнайы зерттеген белгілі тілші ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді. Аталған еңбекте аналитикалық тәсілдің құрамында төмендегі төрт тәсіл қарастырылған:

- 1) сөзқосым
- 2) қосарлау
- 3) тіркестірім
- 4) қысқарым

Бірігу тәсілі арқылы біріккен, кіріккен атаулар жасалады. Ондай атаулар қазақ тілінде көптеп саналады. Біріккен сөз дегеніміз - жеке-дара сөздердің өзара шоғырлана тұтасуынан жасалған дербес лексика- грамматикалық мағыналары бар туынды сөздер.

Екі я одан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір лексикалық единица жасайды.

Күрделі сөздің бірінші сыңарының тірек сыңар болуы арқылы жасалған жаңа сөздер:

Тірек сыңар – әуе
әуеалаң
әуежай
әуеайлақ

Тірек сыңар – күн
күнпарақ
күнтізбе

Күрделі сөздің екінші сыңарының тірек сыңар болуы арқылы жасалған жаңа сөздер:

Тірек сыңар – аудан
ықшамаудан
мөлтекаудан
шағынаудан

Тірек сыңар – ақы
жәрдемақы
зейнетақы
қаламақы
өтемақы

Тірек сыңар – сапар
жолсапар
іссапар

Тірек сыңар – жай
саяжай
әуежай
сапаржай

Тірек сыңар – хат
жеделхат
жекехат

Тірек сыңар – ұран
әнұран
елұран

Тірек сыңар – шар
кеңесшар
ұжымшар

Тірек сыңар – таңба
елтаңба
мортаңба

бағдаршам
төлқұжат

Тіркесті күрделі атаулар - екі немесе одан да көп сөзден тұратын, әр сынары бөлек жазылатын күрделі сөздердің түрі.

Көп сыңарлы термин атаулары терминтану сапасындағы еңбектерде терминологиялық сөз тіркесі деп те атайды. «Терминологиялық сөз тіркесі – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі немесе бірнеше толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі» [4,142].

Терминологиялық лексика құрамындағы көп құрамды терминдердің едәуір бөлігі атаулық тіркестер мен күрделі сөздер болып келеді.

Кейінгі жылдары бөлек жазылатын күрделі сөздер мен атаулық тіркестерді құрылымы жағынан тең дәрежедегі тілдік бірліктер ретінде тану қажет дейтін көзқарас басымдыққа ие болып келеді.

«Атаулық тіркестер - бір жағынан, еркін тіркестер, яғни сөз тіркестерімен, екінші жағынан, біріккен, кіріккен сондай-ақ күрделі сөздер аралығындағы тіркестер, басқаша

айтқанда, тұрақталған атаулар, сондықтан да бұлар сөз тіркесінің қатарына жатпайды. Бұл тәрізді тіркестер ғасырлар бойы қолданудың барысында синтаксистік қатынасы жағынан солғындап, бір заттың я ұғымның атауы ретінде тұрақталған» [5,6].

Тірек сыңар – әуе
әуе көлігі
әуе жолы
әуе билеті
әуе қорғанысы күштері
әуе шары
әуе компаниясы
әуе такси
әуе қатынасы
әуе кемесі
әуе саяхаты
әуе жайы
әуе және ядролық жарылыс
әуе жолдары көлігі
әуе жүк көлігі
әуе қозғалысы
әуе кеңістігі
әуе транспорты
әуе байланыс
әуе және химиялық байланыс
әуе көлігінің эволюциясы
әуе көлігі тасымалы
әуе көлігін сақтандыру
әуе көлігін ерікті сақтандыру (АЭРОКАЗКО)
әуе апаты

Қысқарған сөздердің барлығы да сөз табы ретінде тек зат есімге жатады. Қысқарған сөздер жасалу жолына қарай 4 топқа бөлініп жүр.

1. Дыбыстық я әріптік қысқарымдардан жасалған зат есімдер: ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы), БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары), АҚШ (Америка ҚұрамаШтаттары), БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы), ӘКҚА(әуе көлігінің халықаралық ассоциациясы), т.б.

2. Буындық я бөлімдік қысқарымдардан жасалған зат есімдер: кеңшар, медбике, медбибі, т.б.

3. Дыбыстық, әріптік және буындық қысқарымдардан жасалған зат есімдер: ҚазҰУ; ҚазААГ (Қазақ ақпарат агенттігі), АЭРОКАЗКО(әуе көлігін ерікті сақтандыру), т.б.

4. Буындық я бөліктік қысқарым мен тұтас сөз бірікпесінен жасалған зат есімдер: Мемтерминком, ҚазАқпарат, Қазақтелеком, Мембаспаком, ҚазМұнайГаз, Еуразия, Меммүлік, т.б.

Қысқартудың бұл түрін аралас қысқартулар деп те атайды. Қысқарған сөздерді қазақ тілінің өз табиғатына етене құбылыс емес деген пікір де бар. Алайда соңғы кезде сөз қысқарту сөзжасам тәсілі ретінде лексикалық бірлік дәрежесінде қарастырылып келеді.

Қорыта келе, қай салада болмасын, терминжасамның ішкі көздерін пайдалану арқылы терминологиялық лексиканы қалыптастыру –терминологиялық жүйенің негізгі қағидасы. Жана атаулар мен ұғымдардың, түсініктердің ғылыми тұлғасын түсіндіруде және ғылыми техникалық мағынаны жеткізуде шет сөздерге көп жол бергенше төл тіліміздің мүмкіндіктерін молынан қолданғанымыз абзал. Зерттеуші ғалым, ұстаз Байынқол Қалиевтің «Егер тілдегі термин мәдениетті болса, тіліміз де мәдениетті» деген тұжырымына сүйеніп, терминнің табиғаты тіл мәдениетінің талаптарына сай болуы қажет. Өйткені төл терминдеріміз – ана тіліміздің айнасы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 бет.
2. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640бет.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 208 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 240 б.

ӘОЖ 81`373.46

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Мұсаева Ұлшат Оразханқызы

ulshat.musaeva@mail.ru

Есей Назерке Бақытжанқызы

naz.esey@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 3-курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Мамаева

Адам тарихының ұзын сонар көші сияқты дене тәрбиесінің де өзінің даму, қалыптасу жолы бар. Бұл жол сонау ерте дүниенің данышпандары Гиппократ, Аристотель, Галендерден бастап осы күнге дейін созылып келеді. Адамзатпен бірге жасасып келе жатқан бұл салада қазақ ғалымдары да сырт қалмады. Ұлт қайраткерлері спорттың, салауатты өмір салтының салмағын дер кезінде сезінсе керек. Себебі С.Бабажанов, Е.Букин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедовтер ізіне түсіп нықтап зерттемесе де әңгіме арасында қазақ халқының дене тәрбиесі туралы келелі пікірлер айтып кеткен. Кейін бұл саладағы кәсіби мамандар Х.Мұхаммеджанов, М.Рақымқұлов, М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, Ә.Бүркітбаев, А.Құлназовтар елеулі еңбектер жазды.[1,109] XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткерлері, Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы – А.Байтұрсынов өзінің шығармаларында жас ұрпақтың тән тәрбиесіне де біршама көңіл бөлді. 1922 жылы жазған «Тән байлығы, жан байлығы» деген мақаласында, бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпай отырған пікір білдіреді : «Тән саулығын қазақтың бәрі жақсы көреді, бірақ тән саулығына керек істі қазақтың бірі де істемейді десек, өтірікші болмаспыз. Сондықтан қазақтың ауру-сырқаудан аман аз болады». Дене тәрбиесі қоғамдық тарихи, мәдени, әлеуметтік құбылыстардың заңдылықтарына бағынып, әрбір тарихи кезеңдерге, қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты құбылып тұрады. Соған байланысты дене тәрбие саласындағы термин атаулары жаңарып, өзгеріп отырады. Ұлттық тілдің сөздік құрамы, сол халықтың тарихына, тұрмыс-салтына, мәдениеті мен әдебитіне, өнеріне тікелей қатысты, және оның материалдық, рухани қазынасының айнасы іспеттес. Мұның себебі, өмірдің қайсыбір саласын алсақ та, ондағы құбылыстардың барлығы да тілге іздерін тастап, оның бойына сіңген сөздерді куә етіп, өздерінің таңбасын қалдырады. Сондықтан да қай тілдің болмасын түсіндірме сөздігін жасау – сол тілдің иесі халықтың рухани өміріндегі маңызы зор жұмыс.

Қазір елімізде спорттың жүздеген түрлерімен айналысып жарыстар өткізіледі. Солардың алпыстан астам түрінен халықаралық жарыстарға қатысамыз. Демек, спорт кез келген мемлекеттің басқа елдермен қарым-қатынасын барынша кеңейтіп отыр. Қазақ халқының басқа халықтармен өзара байланыс қатынастарымен шектелмей, екпіндей енген бұрын біздерге бейтаныс көптеген спорт түрлері өзімен бірге ғажайып сөз тасқынын да ала